

Қарағанды қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 54 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 маусымда № 6457-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 шілдедегі № 80 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 28.07.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қарағанды қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4%-дан 2%-ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Төраға

А. Букенов